

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/DPTH7913>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/YHRI5636>

**\*Abdullah Kök<sup>1</sup>, Н. Қ. Жүсіпов<sup>2</sup>, Е. Қ. Жүсіпов<sup>3</sup>,  
М. Н. Баратова<sup>4</sup>**

<sup>1</sup>Ақдениз университеті, Түркия Республикасы, Анталия қ.

<sup>2,3,4</sup>Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

## **ШЫҒЫС ӘДЕБИЕТІ МЕН МӘШҮР ЖҮСІПТІҢ «АЛЛАНЫ» ЖЫРЛАУДАҒЫ ҮНДЕСТІГІ**

*Мақалада Шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне тигізген әсері орасан зор екендігі айтылады. Біздің әдебиетіміз үшін араб, парсы және түрік руханияты нәр алған кең арна іспеттес. Шығыс әдебиетіндегі «Алланы» тану, жырлау қазақ әдебиетіндегі белгілі ақын, фольклоршы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларымен үндес келеді. Шығыс ақындары Низами, Қ. А. Иасауи, Сағди, т.б. жырлары мен М. Ж. Көпейұлының шығармаларымен ұқсастықтары баяндалады. Жалпы шығыс әдебиетінде дәстүр боп қалыптасқан нәзира үлгісі «Алланы», пайғамбарымыз Мұхаммед бейнесін жырлауда қазақ ақындары кеңінен пайдаланған. Сол нәзира дәстүрін дамытып, өзіндік арна қалыптастырған Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан айқын аңғарамыз.*

*Кілтті сөздер: шығыс әдебиеті, қазақ әдебиеті, дастан, Құран, «Алла».*

### **Кіріспе**

Қазақ халқының дүние танымына, оның ішінде әдебиетіне сопылық ілімнің әсері ерекше. Ислам дінінің негізгі заңдылықтарын көшпелі бабаларымыз сопылардың жырлары, яғни діни өлеңдері арқылы да қабылдады. XII ғасырда қазақтардың барлығы сауатты және араб тілін білген деп ешкім айта алмас. Араб тілін білмейтіндіктен, көбінесе ислам діні жайлы шығармаларды оқып тани алмауы, кей уақыттарда оны түсінбеуі мүмкіндіктерін ескеруіміз қажет. Осы орайда жалпы адамзаттық гуманистік идеяны, адамдар теңдігін, Алла біреу және Мұхаммед оның елшісі деген

ойды насихаттаған ірі әдеби құбылыс – сопылық әдебиет қазақ халқының рухани дамуына игі ықпал жасады.

Түркі әдебиетінде сопылық сарында жазғандар: Қожа Ахмет Иассауи (XII ғ.), Юнус (Жүніс) Эмре (1250–1320), Ашық патша (1271–1332), Сүлеймен Бақырғани (1186 ж. өлген) сияқты ғұлама ақындар. Олардың шығармаларынан біз дүниеден безу, өзін-өзі қинау арқылы ақиқатқажету сияқты т.б. ашық уағыздарды таппаймыз, қайта адамгершілік қасиеттер, яғни мейірімділік, рахымшылық, өзара көмек бауырластық, адам атаулыға қиянат жасамау насихатын көреміз. Сөз жоқ, бұл ақындардың негізгі тақырыбы ислам дінін, оның негізгі қағидаларын, яғни, шариғат, тариқат, мағрифат т.б. тыңдаушыларға таныстыру. Кемеңгер ойшылдар түрік тайпаларының басын біріктіріп ұлт құру үшін бір діннің әсіресе ең соңғы адамзат тарихындағы кемелденген ислам дінінің мәнін түсініп, көрегендікпен тани білді. Сондықтан сол замандағы тарихи шындықта бұл сопылық ілім әдебиет арқылы түркі халықтарының ұлт болыпбірігуіне үлкен пайда келтіреді. Осы тұрғыдан олардың сопылық сарындағы шығармаларына жоғары баға берілуі тиіс. Адамзат әсіресе соңғы XX ғасырда тез қарқынмен дамыды және осы даму биігінен өткен тарихты таразылап отырды.

### **Материалдар мен әдістер**

Осы ұлы үрдісті, рухани дәстүрді жалғастырушылардың бірі – қазақ ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Өзінің шығармаларына шығыс әдебиетінің мол мұрасын пайдалана білді. Ақын Бұхарда, Қокан, Самарқанд, Ташкентке барған сапарларында сол кездегі мұсылман әлемінің бай қазынасымен терең танысып, содан түйген ойларын қағаз бетіне түсірді. Жоғарыда аталған қалалардың барлығында ірі қолжазбалар қоры бар кітапханалар болды. Сол бай кітапханалардағы қолжазбалар ежелгі араб тілінде, парсының «пехлеуи» тілінде, түркінің «шағатай» тілінде сақталды. Мәшһүр Жүсіп осы тілдерді жетік меңгеруі арқылы осы қолжазбалармен кең танысты. Бұл қолжазбалардың қазір сақталып жеткен нұсқаларының өзін зерттеу үлкен қиындықтар туғызып отырғаны сөзсіз. Өйткені бір ғана парсы тіліндегі қолжазбалар ежелгі, орта, жаңа парсы тілдерінде жазылған. Ал, олардың бір-бірінен өзгешеліктері өте үлкен. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ортағасырлықараб, парсы тілін жетік білуі нәтижесінде сол кезде айтылған мәнді ойларды өзінше өрістетіп, қазақ әдебиетінде басқа ешкімге ұқсамайтын өзіндік арна қалыптастырды. Ол әдебиетке деген ислам әсерін кең түсініп, оны өз шығармаларында жан-жақты көрсете білді де, Ахмет Иассауиден (XII ғ.) басталған түркілік діни әдебиетті XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында жаңа биікке көтерді. Төңкерістен (1917) кейін діни әдебиетті құбыжық ету дәстүрге айналғанын ескерсек, діни әдебиеттің, яғни

шартты атауға ие болған сопылық әдебиеттің басы Ахмет Иассауи болса, соңғы биігі Мәшһүр Жүсіп деп тұжырымдауымызға да негіз толық.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Аллаға, Жаратушыға мойынсұну Ислам елдері үшін 647 жылы жазылып бітіп, таратылған Құран Кәрімнен бастау алса, одан бұрын дүниеге келген Інжілге (Библияға) де Құдіретті әспеттеу тірек болғаны белгілі. Қазіргі ең білімді деген ғалымдар ден қойғандай, бұл қасиетті кітаптарда да алдымен Алланы толық тану мүмкін еместігіне назар аударылған. Мәселен, Інжілде Жаратушыны көру мүмкін еместігі айтылады (Қасиетті кітап сөзінің мәнін сәл де болса бұрмалау болмас үшін, аудармай сол қалпында беруді жөн көрдік): «И потом сказал Он: лица моего не можно тебе увидеть, потому что человек не может увидеть меня и остаться в живых» [1, 88]. Алла ұғымының өте кең екендігін, оны толық тану мүмкін еместігін қазақ ақыны Абай да атап көрсеткен: «Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулі мен өлшеусізді білуге болмайды» [2, 322].

Сондықтан да болар ақындарда Алла мен әлем ұғымы бірлікте жүреді. Зерттеуші Ә. Нысанбаев XIII ғасырдағы түркі әдебиетінің жарық жұлдызы Қожа Ахмет Иассауидің дүниетанымы туралы айта келіп: «Иассауидің пікірінше, «Әлем», «Ғарыш» және «Құдай» бір-біріне сәйкес келетін барабар ұғымдар. Бұл ұғымдарды болмыстың бірлігі тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда ол бөлінбеген, бөлшектенбеген Ақиқат. Сонымен «Әлем» мен «Құдай» – Ақиқаттың екі құрамдас бөлігі немесе саласы сияқты, яғни екеуі де бір ғана мәннің шеңберіне топтасқан дүниелер деп танылған» [3, 80], – дейді. Өмір сыры, Әлем (бұл ұғымға Алла да кіреді деп шамалаймыз) тану қиындығына XII ғасырдағы парсы ақыны Омар Һәйям да көңіл бөлген:

Жұп-жұмыр бұл жалғанның ұшы бар ма?

Кәнеки, керек болса, түсін ал да.

Бізге тек бұйырғаны – келу, кету,

Өмірдің сырын айтар кісі бар ма? [4, 42]

Омар Һәйям сонымен бірге Алланың біреу екенін, оған серік қоспағанын жыр етеді:

Мен саған құл боп баста-ақ тумасам да,

Бетімнен күнә шаңын жумасам да,

Біреуді екеу деген кезім жоқ қой,

Мүсірке, мені, Тәңірім, анда-санда [5, 70].

Аллаға зор көңіл бөлу, оны мадақтау XII–XIII ғасырлардағы шығыс ақыны Низамиге (1141–1211) де тән:

1 Есімің де барша есімнің әуелгісі құдіретті,

Жаралғанның әдепкісі – жасаған сен жер мен көкті.

2 Ешкімнен сен туған жоқсың, туған да жоқ ешкім сенен,

Баршасы да бір өзіңсің, қалғандары жер гулеген.  
3 Сен Жаббарсың пенделерге, қайда сенің тәж бен тағың,  
Барсың өзің әрбір жерде, әм ешқайда жоқ тұрағың.  
4 Жалбарын бір Аллаға, беріл оған,  
Фәнидің өзге ісіне болма алаң.  
5 Тек жалғызда –данқ пен өмір, билік,  
Одан тыстың бәрі –күр нәпсі сұмдық [6, 17–19, 75, 77].

XIII ғасырдағы парсы ақыны Сағди де 1258 жылы жазылған «Гүлстан» дастанында Алла құдіреті шексіздігін, «жаңды атаулы» өзінше Алланы жырлайтынын айтады:

1 Есігімізді бекітеміз салып кілт,  
Мінімізді көрмесін деп қалың жұрт.  
Сырларына пенде құлып салар ма?  
Құдай үшін құпия жоқ ғалмада! [7, 120]  
2 Жанды атаулы Хаққа мадақ жырлайды,  
Соларды тек сергек жүрек тыңдайды.  
Деме гүлді тек құс мақтап жырлайды.  
Тікен де – тіл: мадақтайды Құдайды!... [7, 122–123].

XI ғасырдағы көне түркі әдебиетінің биік шыңы Жүсіп Баласағұн да 1069–1070 жылы жазған «Құтты білік» кітабында Алланың жаратушылық сипатына көңіл бөлген: «Жаратты ол: жасыл, көк, ай, күн, түнді, // Қара, жер, ел, заман, уақыт, бұл күнді» [8, 50].

Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани хикмет» еңбегінің мәні жөнінде белгілі ғалым Әбсаттар Дербісәлиев: «Қожа Ахмет Иассауи хикметтері тақуалық ғұмыр, ғаріп, пақыр, жетімдерге пана болып, қамқорлық жасау, Алла елшісінің жолын ұстау, өмірді босқа өткізбеу һәм Құран кәрімнің сүре, аяттарындағы уағыздар мен Мұхаммед пайғамбарымыздың қасиетті хадистеріндегі өсиетнамаларды еске түсіреді», – дейді. Бұл кітапта зерттеуші сонымен бірге бұрынғы мұсылман шығысы білгірлері еңбектеріндегі идеяларды Қожа Ахмет Иассауидің жалғастырушылық қызметіне көңіл бөледі: «Сайып келгенде, аяулы ақын бұрынырақ ғұмыр кешкен мұсылман шығысының ойпаздары мен даналарының кәміл адам тәрбиелеу туралы идеясын алға тартады», – дей келіп зерттеуші ғалым «Диуани хикметті» мұсылмандық шығыстағы сопылық тағылым, дәстүрмен байланыстырады: «әрі ол сопылық тағылым, дәстүрмен сабақтасып жатыр» [9].

Мұсылман елдері әдебиетіндегі, әсіресе оның поэзиясындағы айтылған ойды түсіну, түсіндіру оңай емес. Шығыс поэзиясы жұмбақтап, астарлап айтуға толы десек, оны тұспалдау арқылы мағына кеңейту үлгісі деп санаған жөн. Соның бір көрінісі –мұсылман елдері әдебиетіне кең тараған «Алланың

ақ жолы» түсінігі. Түркілік діни әдебиет негізін салушы Қожа Ахмет Иассауи (XII ғ.) бұл ұғымға жиі көңіл бөлгізеді:

- 1 Отыз бірде шәрбәт берді Қызыр бабам,  
Әзәзілден пәк тазарды бүкіл ағзам.  
Ықылас еттім, кешті бәрін хақ-тағалам,  
Бір Алланың ақ жолына салды, достар.
- 2 Қиямет күнде ақ жолын мегзеуші болармын,  
Науқасқа шалдықса, емдеуші болармын.
- 3 Жол үстінде құлап жатқан, үсті-басы шаңға батқан,  
Зікір салып төсін ұрған, көкірегі мұңға толған ғашықтар [10].

Қожа Ахмет Иассауиден басталған діни тақырыпты, Алланы мадақтауды жаңа бір белеске көтерген кім десек, XIX ғасыр табалдырығын аттассымен алдымен Абайды айтар едік. Абай Алланың біреу екенін, тек Алла өзгермейтінін, оның адам ақылына сыймайтын кең ұғым екенін, Алладан 4 кітап келгенін, кейінгі кезде Алла ісін айыра алмайтындар баршылық екенін, - бәрін аз сөзбен әсерлі жеткізе білген:

- 1 Ләм-Әлиф-Лә-илаһа илалла – деп,  
Я-Ярым, қалай болар, жауап сөзің.
- 2 Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,  
Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек.
- 3 Ақылға сыймас ол Алла  
Тағрипқа тілім қысқа ah!  
Барлығына шүбәсіз,  
Неге мәужүт ол куә.
- 4 Алланың өзі де рас, сөзі де рас,  
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.  
Көп кітап келді Алладан, оның төрті  
Алланы танытуға сөзі айырылмас.
- 5 Жамандық, жақсылықпен – оған бір бәс,  
Дін ісін, құдай ісін айыра алмас [2].

Алланың тек жалғыз екені, оның құдіреті шексіздігі, Алла жолын іздеу мәні туралы шығыс жұлдыздары: Омар Һәйям, Низами, Сағди; көне түрік дарабоздары: Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи, XIX ғасырдағы ерен құбылыс Абай шабыттана жырласа, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бұл дәстүрді жаңа биікке көтерген. Мәселен, Қожа Ахмет Иассауи кітабын ақынның бала кезінде, 5–6 жасында-ақ, оқығаны оның «Мәшһүрдің 21 жасында жазғаны» өлеңінен көрінеді:

- Иассауи Құл Қожа Ахмет кітабынан  
Көңіліме төгілді нұр хош (хуош) калами.  
Алты жасқа келгенде, алдым сабақ.

Оқығаным – Шар кітап, панаһим –Хақ [11].

Мәшһүр Жүсіп алдымен Алла сипаттарын тарата баяндайды:

Алды, арты, асты, үсті – оның сол жоқ,

Ауыз, мұрын, аяқ, бас, көз, қол жоқ.

Еш нәрсе ұқсамайды ол нәрсеге,

Кітаптың айтқанынан ойлама көп.

Жоқ деп біл ол Аллада ата-ана,

Және жоқ деп біліңіз қатын-бала.

Барлығы бір Алланың құдіретінде,

Ешкімге мұқтаж емес Хақ тағала.

Білгіші, есіткіші һәм көргіші,

Барды жоқ және жоқты бар қылушы [11].

1907 жылғы кітабында Думаға депутат жіберу мәселесін көтергенде де, ақын Алланың ақ жолын еске алады:

Алланың ақ жолымен жүретұғын,

Ерік Аллада екенін білетұғын.

...Сайлаңдар депутатқа кісі тауып,

Айдалып, ағылудан қашпаңыздар [11].

Мәшһүр Жүсіп сонымен бірге Алланы іздеу идеясын көтереді. Мәселен, «Әдһам диуана және Ибраһим» дастанында ел билеген патша Ибраһимге алдымен жапанда кез болған құлан адамша сөйлеп:

Өлімнің келмес бұрын жолын көзде

Есіл өмірің өткізбе бекер түзде.

Пайдасы жоқ аң қуып шаршағанша,

Жанға пайда болатын Құдайды ізде!

– десе, түнде үй төбесінде «Түйе қарап жүрмін», – деген кірекештің сөзі де осы ойды өрістетеді:

- Мен ақымақ емес, патша – ақымақ өзің,

Болған жоқ па Құдайды іздер кезің?!

Дәнемені көрмейтін көр болыпты,

Түздегі аңның тозаңы басып көзің [11].

Алланы тану жолындағы шарифат, тариқат, мағрифат мәнінің жинақталап беру үлгісін зерттеуші Берікбай Сағындықұлынан кезіктірдік: «Ақиқаттың ақиқаты – Алла тағала. Алла тағаланы тану үшін ең алдымен шарифатты меңгеру керек. Шарифатты бойға сіңіргеннен кейін ақтқатқа апаратын жолды таңдай білу керек. Ол тариқат деп аталады. Үшінші –мағрифат теңізінде жүзе білу керек. Мағрифат деп отырғаны – баки дүние ғылымы, түпсіз терең білім» [12].



### Қорытынды

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас ширегінің санаткері. Сондықтан исламның ең асыл түсініктерін ақын өз заманында жеткен таным-пайымдарымен түсіндіре алған. Сөз жоқ, бұл түсініктерде арабтық, парсылық, түркілік парасат биігі болғанын терістемейміз. Алайда осы кезеңдік-ареалдық асулардың ұлттық руханиятта қорытылуы Мәшһүр Жүсіп шығармашылығында байқалады. Түйіп айтқанда, шығыс ақындарының Алланы жырлаудағы дәстүрін алға апарған, өзінше өрістеткен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ әдебиеті дамуына ерекше үлес қосқаны анық.

Бұл мақаланы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № AP08856356 «Рухани жаңғыру: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мәдени-әдеби мұрасы»).

### Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 Библия. – М., 1990.
- 2 Құнанбаев Абай. Шығармалары. – А. : Ғылым, 1977. – Т. 1.
- 3 Нысанбаев, Ә. Иассауидің дүниетанымы мен философиясы // «Ақиқат». – № 2. – 1994.
- 4 Омар һәйям / Ауд. А. Бекбосынов // Жалын. № 3. – 1998.
- 5 Омар һайям // Шығыс жұлдыздары / Ауд. Қ. Шаңғытбаев. – А. : – Жазушы, 1973.
- 6 Низами. Жеті ару / Ауд. Қ. Бекхожин. – А. : Жазушы, 1980.
- 7 Сағди. Гүлстан / Ауд. М. Әлімбаев. – А. : Жазушы, 1991.
- 8 Жүсіп Баласағұн. Құтты білік / Ауд. А. Егеубаев. – А. : Жазушы, 1986.
- 9 Дербісәлиев, Ә. Араб әдебиеті. – А. : Мектеп, – 1982.
- 10 Иассауи, Қ. А. Хикметтер. – А. : Өнер, 1995.
- 11 Көпейұлы, М. Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. II том. – Павлодар, 2003. – 384 б.
- 12 Сағындықұлы, Б. Өз Машайық // Қазақ әдебиеті. – 14 шілде, 2000.

### References

- 1 Bible [The Bible]. – Moscow, 1990.
- 2 Qunanbaev, A. Şyğarmalary. [Works of Kunanbayev. T.1]. – A. : Science, 1977.
- 3 Nysanbaev, Ä. İassauidiñ dūnietanymy men filosofiasy [Nysanbaev A. Yassawi’s worldview and philosophy]. In «Ақиқат». – № 2. 1994.

4 **Omar Häiyam.** / Aud. A. Bekbosynov. [Omar Khayyam. / Transl. A. Bekbosynov]. In Jalyn. – № 3. – 1998.

5 **Omar haiyam** // Şyğys jüldyzdary / Aud. Q. Şaňğytbaev. [Omar Khayyam. // Eastern stars / Transl. K. Shangytbayev]. – Almaty : Zhazushy, 1973.

6 **Nizami.** Jeti aru. /Aud. Q. Bekhojin. [Nizami. Seven beauties. / Transl. K. Bekhozhin] – A. : Zhazushy, 1980.

7 **Sağdi.** Gülstan. /Aud. M. Älimbaev. [Sagdi. Gulstan. / Transl. M. Alimbaev.] – A. : Zhazushy, 1991.

8 **Jüsip Balasağün.** QüTTY bilik. /Aud. A. Egeubaev. [Jusip Balasagun. Blessed shaft / Transl. A.A. Egeubaev]. – A. : Zhazushy, 1986.

9 **Derbisäliev, Ä.** Arab ädebieti, [Derbisäliev A. Arabic literature.]. – Almaty : Mektep, 1982.

10 **Iassaýı, Q. A.** Hikmetter. [Yassauı K. A. Hikmetter]. – Almaty : Oner, 1995. – 208 p.

11 **Kopeyuly, M. Zh.** 20 tomdyq shyğarmalar jınağy. II tom. [Kopeyuly M. Zh. Collection of works in 20 volumes. Volume II.]. – Pavlodar, 2003. – 384 p.

12 **Sağyndyquly, B.** Äz Maşaiyq. [Sagyndykuly B. Al Mashaik]. In Kazakh literature. – 14-july, 2000.

Материал 07.12.21 баспаға түсті.

\**Abdullah Kök<sup>1</sup>, Н. К. Жусупов<sup>2</sup>, Е. К. Жусупов<sup>3</sup>, М. Н. Баратова<sup>4</sup>*

<sup>1</sup>Университет Акдениз, Турецкая Республика, г. Анталья;

<sup>2,3,4</sup>Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 07.12.21.

## СОЗВУЧИЕ ВОСТОЧНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ И МАШХУР ЖУСИПА В ВОСПЕВАНИИ «АЛЛАХА»

*В данной статье рассматривается огромное влияние восточной литературы на казахскую литературу. Для нашей литературы, как и для арабской, персидской и тюркской духовности, оно является широким течением, которое питало арабскую, персидскую и турецкую духовность. Признание «Аллаха» в восточной литературе схоже с образом, который дан в произведениях известного казахского поэта и фольклориста Машхура Жусипа Копейұлы. Были рассмотрены схожие черты в произведениях таких восточных поэтов, как Низами, К.А. Ясауи, Сағди с произведениями М. Ж. Копеева. Примером является традиция «нэзира», сложившаяся в восточной литературе, широко*

*использовалась казахскими поэтами, при воспевании «Аллаха», пророка Мухаммеда. Машхур Жусип развил традиции «назира» и создал своеобразное течение.*

*Ключевые слова: восточная литература, казахская литература, дастан, Коран, «Аллах».*

\**Abdullah Kök*<sup>1</sup>, *N. K. Zhussupov*<sup>2</sup>, *Y. K. Zhussupov*<sup>3</sup>, *M. N. Baratova*<sup>4</sup>

<sup>1</sup>Akdeniz University, Republic of Turkey, Antalya;

<sup>2,3,4</sup>Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 07.12.21.

### **THE CONSONANCE OF EASTERN LITERATURE AND MASHKHUR ZHUSSIP IN THE CHANTING OF «ALLAH»**

*This article examines the enormous influence of Oriental literature on Kazakh literature. For our literature, as well as for Arabic, Persian and Turkic spirituality, it is a broad current that nourished Arabic, Persian and Turkish spirituality. The recognition of «Allah» in Oriental literature is similar to the image given in the works of the famous Kazakh poet and folklorist Mashkhur Zhussip Kopeyuly. Similar features in the works of such oriental poets as Nizami, K. A. Yasawi, Sagdi with the works of M. Zh. Kopeev were considered. An example is the traditions of Nazira, which have developed in Eastern literature, were widely used by Kazakh poets when singing the praises of «Allah», the Prophet Muhammad. Mashkhur Zhussip developed the traditions of Nazira and created a kind of current.*

*Keywords: Eastern literature, Kazakh literature, Dastan, Koran, «Allah».*

Теруге 07.12.2021 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

0,99 Мб RAM

Шартты баспа табағы 6,33. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3856

Сдано в набор 07.12.2021 г. Подписано в печать 30.12.2021 г.

Электронное издание

0,99 Мб RAM

Усл. печ. л. 6,33. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3856

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)